

Бірлігі жарасқан, Тәуелсіз елім бар!

ПРЕЗИДЕНТ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Газет 2008 жылы
23-мамырдағы нұсқа басылды



Республикалық қоғамдық-саяси газет

Республиканская общественно-политическая газета


• Әріптес туралы әңгіме

Сірә, журналистерден жарнамасы көп қауым кемде-кем шығар. Әрі олар баспасөз бетінен жазғандарын оқып, аты-жөнін білісімен-ақ біріне-бірі іш тартып, етене жақындай көріп кетеді ғой. Сондықтан да олар жүз көріскенде ежелгі танысындай шұқырап қауышатыны қандай десеңші! Жанат екеуіміздің де алғашқы кездесуіміз дәл осындай болған еді. Ол тұста мен Алматы облысының “Жетісу” газетінде бас редактордың орынбасары болып істейтінім. Қайраулы қылыштай қылып тұрған “сен тұр, мен атайын” деген дер шағымыз. Астаналық газет болған соң республикалық басылымдардан бір елі кем түскіміз келмейді. Ұжымымыз ұйымшыл да, ізденімпаз. Кейде кейбір мәселелерден аға газеттердің алдын орап кететініміз де бар. Әсіресе, арнаулы, мерекелік нөмірлерде ешкімге дес бере қоймаймыз. Безендіру жағынан бізбен үзенті қағыстыратын тек жастар газеті ғана.

Сарбас АҚТАЕВ

Бірде Қапшағай су электр стансысының іргетасы қаланып, Іле өзенінің арнасы бөгеуіне байланысты су алыбы құрылысшыларының арасына барып, бүгінгі белгілі каламгер Бекболат Әдетов екеуіміз тұтас бір нөмір ұйымдастырып әкелдік. Оның қос белдеуін алып жатқан “Шалқар теңіз,

Жанат ЕЛШІБЕК



Әлемнен талай сыр түйген

Көк теңіздің түлегі Жанат Елшібек туралы сыр

телегей!” деген очеркін мен жаздым. Жанаптық дегенде жанып кететін секретариат жігіттері нөмірдің безендірілуіне бар күшін салды. Сол нөмір жарық көрген күні кабинетіме жымия күліп, мойылдай кара шашын сылап, оң жағына қарай қайырма ақ құба, ашаң жүзді, қою кара мұртын екіге айырып жырға бестерден жасы енді ғана асқан бір жігіт келіп кірді.

— Жастар газетінде істейтін Жанат Елшібеков деген інізіз мен боламын, — деді ол жаркылдай сөйлеп. — Жаксы нөмірлеріңізбен, жана очеркіңізбен құттықтағалы келдім. Осы өңірдің азаматы болған соң, өлкені дүр сілкіндірер ұлы оқиға қай-қайсысымызды да енжар қалдырмайды ғой. Жетісудің бір теңізі екеу болғалы жатса, оған қайтып елендемессін...

Каламгерге жазғанын елеп, сөтті қаламын құттықтағаннан артық сый бола ма! Оның үстіне құттықтау үшін дертпен тең тіл өнерінің ыстығына күйіп, суығына тонып жүрген әріптесіңнен болса — нұр үстіне нұр емес пе? Жанат және тың деректеріме толы татымды хабарларыммен, тілі орамды, талдауы терен макалаларыммен, пікірі пайымды, бейнелеу бояуы алуан түрлі суреттемелерімен көзге түсіп жүрген журналистердің бірі. Сол себепті оның келуін жай ғана жүз көрісу емес, ашық-жарқын отырып кеңінен сырласуға сайдым.

— Райымбек бабамыздың аты бертін ауызға алынбай кетіп еді. Батырдың аруағын тербеп дұрыс жасаған екенсіз, — деп ол енді очеркімді оқып, ой елегінен өткізгенін аңғартты. — Жетісуды жер текті дүшпандардан тазартуда ерен еңбек сіңіріп, ересен ерлік жасаған қаһарман ғой. Білетін шығарсыз, бейіті аяқ асты төмпешік болып, автостансының түбінде жатыр. Жарықтық көз жұмарынын алдында “Мәйітімді ақ атанға артып, құбылаға қарай қоя беріңіздер, сол түйе барып шөккен жерге жерлендер” деп өсиет еткен екен. Сол түс осы Ташкент көшесі болыпты. Алды қазір байтақ кенттің басты қорымы. Көріпкелі бар керемет кеменгер болған ғой, батыр баба.

Әңгімесіне қарағанда, әріптесім көп оқып қана қоймай, көне сөзге көңіл бөліп, көкірегіне тоқи жүретін құйма құлақ тәрізді болып көрінді. Сосын ол қалың көзілдірігін шешіп, қалтасынан орамал алып суртті де, көзіне қайта қиді.

— Астанаға жақын тұстан жана теңіздің шалқығаны жақсы ғой. Бірақ соның ежелгі дариғаға, яғни көне теңізге зияны тиіп жүрмесе... — деп бір күрсініп қойды. Көк теңіз деп отырғаным, Балқаш көлі де. Бұрынғылар оны көк теңіз деп атаған ғой. Қазақтың халық жырларында осылай атаған. Қазір де жағасындағы ел оны көл демей, теңіз деп өсілетейді. Алдында отырған мына інізіз сол көк теңіздің перзенті.

Айтса, айтқандай Жанат шынында да теңіз түлегі екен. Қазақ зиялыларын көгендей тізіп, түрмеге қамап, баудай түсіріп, атып жатқан сонау отыз жетінші жылы Балқаш көлінің шығыс жағалауындағы Балқаш алуында дүниеге келіпті. Бейкүнә сәбилің көз жасына қарай ұжымшардың белсенді балықшысы, бертін бәсекесі Орынбай “Жаптым жала, жақтым күйенім” бөрінен әйтеуір аман қалыпты. Олаң-жырға өуес ол баласының да кітапқа құмарлығы мен сурет өнеріне деген сүйіспеншілігін ерте оятады. Сонан да болар Көпбірілік орта мектебін күміс медальмен бітірген Жанат аралауан мамандыққа алабұртпай-ақ бірден келіп, Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының тіл-әдебиеті факультетіне оқуға түседі. Қазақ әдебиетінің қабырғалы қайраткерлерін түлетіп ұшырған құтты ордада тәрбие алған жас жігіттің де жолы сөзстанға бұрылады. Жеткіншектерге арналған жеке әңгімелері жастар басымлығында артау жарық көріп жүрген оны арнаулы журналистік білімі болмаса да, “Лениншіл жас” газетінің сол тұстағы бас редакторы

Шерхан Мұртаза бірден әдеби қызметкер етіп жұмысқа қабылдайды.

Асылы Шерханның талантты тани білетін жақсы қасиеті бар. Ол өзі басшы болып тұрған кезінде газетке Алтайдан — Оралхан Бөкеев, Атыраудан — Фариза Оңғарсынова сияқты дарынды жастарды шақыртып, таланттының бағы ашылып, жұлдызы жарқырай түсуіне тікелей себепкер болды. Және олар жалғыз да емес. Бүгінде жасы алпыстың о жақ, бұ жағында жүрген белгілі ақын-жазушылардың біразы өздерін “Шерағанның шапанынан шыққанбыз” дейтіні содан.

Көркемдік талғамы тәуір, сурет өнерінен де мағлұматы мол Жанат секретариатқа қызметке алынып, кейіннен газеттің көркемдеу бөлімін басқарады. Оның басылымның ажар-көркіне, безендірілуіне айрықша мән беретіні де содан болу керек. Макегі өсем әрленіп, тапқыр шешімімен көзге түсетін басылымдарды ұдайы жинап жүреді екен.

Сол бір алғашқы жүз көрісуіміз аға менің ретіндегі сыйластығымызға, әріптес ретіндегі сырластығымызға арна ашқандай болды. Кейін мен “СК-ға” орынбасар болып ауысқанда бұл байланыс одан ары өрістеп, шығармашылық ынтымақтас-тыққа ұласты. Өзара пікір алысып, ой-жоспарларымызды ортаға салып, жиі ақылдасып жүрдік. Үлкен газет ұжымын жана, жас күштермен толықтыру күн тәртібіне қойылғанда менің жастар басылымынан алғаш тартқым келгендерінің бірі де осы Жанат еді. Жақсы қызметкерін қай редактор онайлықпен жібере қойсын. “Газеттің макегі жақсы шыққан күні біздің Жанат басын бұ иығына қисайта салып, дәлізде алшан-алшан басып бара жаталы” деп еркелете әзілдейтін Сейдахмет Бердіқұлов оны біразға дейін бермей жүрді. Ақыры қаламдас, қаламдас дос ретінде базына айтып, оны өрен көндірдік.

— Жас, жас деп жастар газетінде сақалы ағарғанша істей бере ме?! Қырықтың қыркасынан асқан өзіннің де жастар арасынан өкше көтеріп, жоғары өрлейтін кезін болды. Керек қызметкер деп, біреуді орнынан тапжылтпай қашанғы ұстай бересің. Жастың да өскісі, өзінше өмір сүргісі келеді. Қайсымызға болсын, өріс өзгертіп, орта ауыстырып отыру артық емес, — деп әдеттегі әзіл-шыны аралас құрдастық қалжыңға басқан маған ол.

— Әй Сары, ойнаған болып, ойындағыны айтып, сөздің бір ұшын маған да тигізіп жатырсың-ау. Жана жұмыстың жана қонысқа көшіп қонғандай бір серпілтіп тастайтыны рас та. Жарайды, өзі бейіл болса, барсын. Тек түйенің танығаны жапырақ деп, оны макетке салып қоймай, дербес бөлім беріңдер, — деп тілегін қоса айтып келісті.

Алдын ала ақылдасқанда өзіміз де осы мәселені жан-жақты ойластырған едік. Сондықтан Жанатты хабар бөлімінің менеджеріне бекітіп, газеттің соңғы бетінің макегін тапсырып, оны соны хабарлармен, елең еткізеді оқиғалы деректермен толықтыруды, оның үстіне басылымның мазмұнын байытуға, бейнесін ашар әдебиет пен өнер туралы арнаулы беттер мен бөлімдерді безендіріп отыруды жүктедік. Басылымның әдебиет мен мәдениет, жалпы идеология мәселелеріне жауап беретін орынбасары ретінде маған онымен тікелей тізе қоса отырып, қызмет етуге тура келді. Газеттің дермасы күніне арналған “Айдын”, айына бір рет берілетін “Жыл он екі ай” арнаулы беттері дәл осы тұста дүниеге келді. Оларда ұдайы тын мағлұматтарға толы метарилдармен қатар жана деректер беріліп отырды. “Таныс жайдың тағы бір сыры”, “Әлемде талай қызық бар”, “Оқы, қызык” тәрізді тын айдарлар осы беттер арқылы соны мағынамен толығып, жаналаң туғандай болды.

Кейін арнаулы беттер көбейіп кетіп, кезіндегі тын дүниелер көмескі тартып, ол бастамалар да жана ізденістердің тасасында қалып, басылым тарихының еншісіне көшті. Жалпы газеттің жаны да сол соны өріс, тың ізденістер ғой. Қазақ баспасөзінің

кара шынырағында Жанатпен мен сондай тынымсыз ізденістерге толы он жеті жылды білек біріктіре бірге өткіздім. Бертін ол басылымның жауапты хатшысы әрі редакция алқасының мүшесі болып бекітілді. Оған да міне, биыл табаны күректей 18 жыл болыпты. Бұл көмелетке толған бір жігіттің ғұмыр жасы.

Осынша уақыт бір орыннан тапжылмай даңғайыр басылымның бас штабын басқару айтар ауызға ғана онай. Жауапты хатшы газет жұмысының ұйымдастырушы ұйытқысы ғана емес, ең алдымен оның бас сәулетшісі, яғни, архитекторы. Басылымның қай күнгі келбеті қандай болатынын алдын ала ой елегінен өткізіп, көз алдына келтіру, бір бастан соның міндеті. Бүгінде “Егемен Қазақстан” байтақ елдің барша үлкен-кішісінің ақылшысына айналдып, халықтың таралымы ең көп басты тілі мен үніне ұласып отырса, онда жауапты хатшы Жанат Елшібековтің де жүрек жалыны мен қалам қарымы, түн ұйқысын төрт бөлген ой сілемдері мен ізденіс іздері жатыр. Газеттің мың сан оқырманы ай сайын асыға күтіп қауышатын етженді нөмірінде оның өзі бұрышы болуы да осының айғағы. Нөмірдің әр көркінен де оның өзіндік қолтаңбасы мен мұндайлап тұрады.

Қиялы ұшқыр, қаламы жүйрік журналистердің атбасын бұратын жолы, жетер жері жазушылық екені белгілі. Әдетте апы кіріп, күпі шығып жедел қимылдауды қажет ететін журналистік жұмыс пен көп ойлануы, кенінен толғайтын жазушылық қызметті қатар атқару кез келген қаламгердің қолынан келе бермейтін қабілет. Сол соқтықпалы сокпағы көп, қиын шаруаны қатар атқарып, көз тізгінін тең ұстай білген Жанаттың екі саладағы еңбегі де жеміссіз емес. Өңікті қаламынан туған төл шығармаларынан тұратын он кітабы, очерк, эсселері мен әңгімелері енген отызға тарта ұжымдық жинақ соған куә. Оның кейбір еңбектері республикалық бөйгеде айрықша аталып, Журналистер мен Жазушылар одағының сыйлығына да ие болды.

Жанат шығармалары өміріміздің өзекті мәселелерін қозғауымен күнды. Оның көркем туындыларының дені туған табиғатты көздің қарашығындай қорғап, оны шып-шырғасын шығармай, келер ұрпаққа қайткенмен келісті де, көрікті қалпында тапсыруды негізгі нысана еткен.

Жасыратыны жоқ аласапыран оқиғаларға толы аумалы-төкпелі ХХ ғасыр қазақ жеріне он өзгерістермен қатар алапты өкініштер де ала келді емес пе. Жергілікті жердің жағдайын ескермей, өнеркәсіп ошақтарын қисапсыз қапату, астық молшылығын жасаймыз деген желеумен ойды-қырды дар айырып, албаты жыртып тастау, иен жатқан иесіз өңірдей әр тұстан ядролық полигондар жасау сайын қыр, сары даланың астан-кестенін шығарып, айдын-дариясын айтақырға айналдырып, өзенін өзек, көлдерін көлшік етті. Арал тәрізді алып теңіз тартылып, Балқашқа қатер төнді. Сөйтіп, ұлы даланың қос жанауы секілденген екі үлкен су көзінің бірі суалып, екіншісінің де ертені бұлдырай бастады.

Алғашқы әңгімелескендегі Жанаттың “Жаналаң теңіз жасаймыз деп жүріп, көне дариалан көз жазып қалмаймыз ба” деп күрсінгені, баксам, жанайқайы екен ғой. Табиғаттың бермесін тартып аламыз деп жүріп, қолда бар байлығын айырылып қалсақ, өкініштің үлкені шынында да сол болмақ. Бұл көкірек көзі ояу әр азаматтық ойлантуға тиіс. Осынау іргелі мәселені Жанат сексенінші жылдардың басында-ақ көтеріп, өзі туып-өскен көк теңіздің тағдырын көркем туындыларына арқау етті. Оның кейінгі бір кездегі көлемді кітабы “Қош бол, теңізге” топтастырған хикаяттары мен әңгімелерінің дені туған теңіздің бұрынғысы мен бүгінгісі сөз етіп, ертені туралы толғайды. Теңіз жағалап тұрмыс кешкен қазақ ауылдарының қазіргі жай-күйін көз алдына әкеледі. Соның айғағы ретінде осы кітаптан біреу үзінді келтірген артық болмас.

“Шетсіз де, шексіз көгілдір айдын қол созымда шалқып жатыр. Көз ұшында моншақтай тізілген балықшы кемелері қарауылда. Қамысты қолтық әдеттегідей құс базарының думанына бөленген. Күн ұзаққа дамылсыз аударылып, төңкерілген теңіз шағалаларының кей кездері мектеп ауласынан шықпайтыны бар. Құс екеш құс та кішкентайларға үйір. Өне жағалаудағы кара қайықта отырған кара сирақтардың біресе иығына, біресе қолына қонақтап топ-топ шағала ұшып жүр. Тау-тау ақжал толқындар сонау көкжиекке қарай жөнкіп баралы. Сарыарқаның жартасты бөкене тауларына бас тіреп барып тынышталатын тәрізді. Тау да, көл де көлкіген көк мұнарға оранып, ту жырақтан бұлдырайды”. Бұл Балқаштың бағы таймай тұрғандағы келбеті. Суретшінің қылқаламына ілінердей сұлу сурет. Ал енді Балқашқа қуатын жеті өзеннің көбін жол-жөнекей бөгеп, су қоймаларын жасап теңіздің ертенін ойламай, күнделікті тіршілікті ғана күйттеген кездегі көл жағалауының қазіргі көрінісіне көз тастаныңызшы. “Кезінде биік қарауыл төбе саналған Үлкен Аққум жермен жексен болыпты. Опыр-ай, десеңізіші! Көдімігі тау деп атайтын Кілтбай құмының шөгіп кеткені-ай. Баурайында жаз бойы шалқып жататын Қарабие көлінің орнын ақ тікен мен шенгел басып кетіпті. Адам айтса, нанғысыз”. Көктемде теңізден қашып, өз алдына ай-

дын құрап, шалқып жататын шашыранды көлдердің құм суырып, шенгел басқан қу тақырға айналғаны бұл ғана ма. Теңіздің өзі тартылып, жағадан талай шақырым шегініп кеткен жоқ па! Оның жағалаудағы ауылдарға зарары мен залалын сұрама.

— Кей-кейде маған борпылдақ сордағы ауыл айдалада қайырлап қалған кемедей елестейді. Ең ақыры ауыз суға да зар болды. Ертеден кара кешке дейін шелектерімізді даңғырлатып су таситын мәшинені күтеміз. Бір кезде аула сайын өз құдығы бар ауыл тұшы суды ондаған шақырым жерден тасып ішіп отыр. Осыған жанын ауыра ма, ауырмай ма?! — дейді оның бір кейіпкері. Авторға қосылып сен де елдің, жердің экологиялық жағдайы түзеліп, бұдан былай “Балқаштың бағы байланбасыншы” деп тілейсің. Бүгінгі таңның өзекті тақырыбы еріксіз елендетіндей.

Көпшілігіміздің кегежемсіз кері тартып, күнделік жүргізуді білмейміз.

“Күнделік беттерінен” деп кейбір әріптестеріміз әр кітаптан көңіліне қонған қанатты сөздері мен ұлағатты ойларды көшіріп жазып, қайта жариялатып жүргендерін көріп, бұның өз өміріне не қатысы бар екен деп танданатынымын да қоятынмын. Сондықтан қойын дәптер дегенді құнттамай, жазғаным жазылған жерде, басылғаным басылған жерде қала береді. Жанаттың былтыр “Жұлдыз” журналының үш нөмірінде жарияланған “Күнделік жазбаларын” оқып, өзімнің ұқыпсыздығым өкіндім. Оның жазбаларын оқығанда қазақ баспасөзінің қарашанырағында өткізген өмірім көз алдымнан тізбектеліп өтіп жатқандай елес берді. Әрі ол аз да ғұмыр емес. Аттай он жеті жылға созылған қауырты та қарбалас, қарекетке толы, қызығы мен қиындығы қат-қабат ұйқысыз түндер мен мазасыз күндер еді ғой. Ұжымның сол жылдардағы күйініш-сүйінішін Жанат еш қоспасыз қаз-қалпында айтып беріпті. Онда бас редакторымыз Сапар Байжановтан бастап, біразымыздың-ақ қысқа қайырып, аз сөзбен айшықталған бедер-бейнеміз бар. “Жазбалардан” автордың қаламгерлік шеберлігімен қатар азаматтық ой-толғандарына да толыса түскені айқын байқалады. Кейбір ой орамдары кімді болсын ойлантпай, толғантпай қоймайды. Мына бір жолдарға зер салыңызшы.

“Екі жүзді... Ол жас таңдамайды, жынысқа қарамайды. Пақырын да, патшан да... әйелін де, еркегін де — бәрі бір. Екі жүзді қоғам... Екі жүзді саясат... Екі жүзді адамдар... Мына жалған дүние тұрғанда оның жалған көленкесіндей өмір сүре береді. Өкініштісі де сол”.

Батыл пікір. Ашы шындық екенінде дау жоқ. Қанатты сөзге суранып тұрған мынадай терен толғамды тұжырымдар Жанат шығармаларында баршылық.

Қазір Жанат қаламгер ретінде қоғам артар қандай жүкті болсын көтеріп, қандай үмітті болсын ақтайтын дер шағында. Азамат ретінде де, талай ауыртпалықты бастан кешіріп, кара нардай қайыспай еңсесін тік ұстай білді. Жасы өрмек жүзінен ауғанда аяулы жары, отбасының алтын дінгегі Зинасынан айырылып, қайғы жұтып, қасірет шекті. Бірақ қатыбас тағдырға қайратын қарсы қойып, иілгенмен, бүгілмей, еңсесін түсірмей келеді. Төрт баласын түгел аяғынан тік тұрғызды. Көңіле ұялаған мұңлы сөз қаламынан сазды сыр болып құйылады. Өмір бар жерде, өлім бар. Бірақ алам өлгенмен, қоғам өлмейді; заман өзгергенмен, табиғат өзгермейді. Табиғат өзгерсе, тек түлпеп, гүлдеп, тулей түсуі керек. Туған табиғаттың жанашыры журналист Жанаттың, жазушы Жанаттың ұстанар мұраты осы. Сол үшін өлемнен талай сыр түйген теңіз түлегінің әлі талай тер төгіп, талай еңбектер беретініне сенім көміл.